

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Стратегиялық даму және сапа комитетінің №2 мәжілісі

Түркістан қаласы

31 наурыз 2022 жыл

Онлайн режимде, сағат 11:00.

Қатысқандар: Комитет мүшелері -18 адам.

Шақырылғандар – 5 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлемдік рейтингтерге қатысуды ұйымдастыру туралы;
2. Отандық рейтинг агенттіктерінде институционалды және бағдарламалық рейтингіне қатысу туралы;
3. Сыртқы және ішкі аудит нәтижелері туралы;
4. Әр түрлі мәселелер:
 - 4.1 ОПҚ мен қызметкерлерді сапа мәдениетін дамыту жөнінен оқыту іс-шаралары туралы;
 - 4.2 Университет сайтына енгізілген ОПҚ портфолио мәліметтері туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева әлемдік QS рейтингі жөнінде қысқаша таныстырып, әрі қарай толық мәлімет беру үшін университеттің Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаевқа сөз берді. Орталық басшысы QS агентігі бойынша жоғары межелі орындардан көріну университетіміз үшін аса маңызды екенін айтып, қаңтар-ақпан айларында QS хабына салынған, жаңартылған университет мәліметтері жөнінде презентация (*қосымша тіркелді*) жасап, рет-ретімен таныстырды. Презентация барысында QS методологиясы, хабқа енгізілген білім беру бағдарламаларының жаңартылуы, жарияланымдар, медиа мәліметтер келтіріліп, академиялық эксперттер мен жұмыс берушілердің сауалнамаға қатысуының маңыздылығы жөнінде жан-жақты таныстырып өтті. Баяндама біткен соң Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев: Ұсынылған мәлімет ақпарат үшін бе әлде шешім қабылдауымыз қажет пе? - деп сұрақ қойды. Ж. Дарибаев ақпараттардың QS хабына енгізілгенін, баяндама жалпы мәлімет ақпарат үшін деп жауап қатып, QS хабына салынған мәліметтерді назарға алуды сұрады.

Шешім:

QS Әлемдік рейтинг агенттігі хабына салынған мәліметтер назарға алынсын.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев мәлімет берді. Орталық басшысы өз сөзінде университет бұрын БСҚА, одан соң АРТА (НААР, Нұр-Сұлтан) агенттігі өткізетін жыл сайынғы білім беру бағдарламалары мен институционалды рейтингіне қатысып жүргенін тілге тиек етті. АРТА агенттігінің методологиясы бойынша рейтингке қатысушы білім беру бағдарламалары қатысады және білім беру бағдарламаларының нәтижесі бойынша ЖОО институционалды рейтингісі шығатынын жиналысқа қатысушыларға ескертті. Білім беру бағдарламаларын АРТА рейтингіне қатыстыру бойынша Академиялық мәселелер вице-ректорына қызметтік хат жазылғанын, нәтижесінде университеттің білім беру бағдарламаларын ҚР Кәсіпкерлер палатасы ұсынған «Атамекен» рейтингісіне қатыстыру келісілгені туралы хабардар етті. Инженерия факультетінің деканы К.Беркимбаев: Рейтингке қатысу ақылы ма? – деп сұрақ қойды. Ж.Дарибаев рейтинг агенттіктері ұйымдастыратын рейтингке қатысу ақылы екенін, 2020-2021 оқу жылында қатысқан 101 мамандық бойынша АРТА агенттігіне 800 000 теңге көлемінде қаржы

төленгенін, «Атамекен» рейтингіне қатысу тегін екенін айтты. Сонымен бірге орталық басшысы Ж.Дарибаев АРТА агенттігі ТМД елдері бойынша «Евразия» рейтингісін ұйымдастыратынын, осы рейтингке қатысу жоспарланып отырғаны жөнінде де хабардар етіп мәліметті назарға алуды сұрады.

Шешім:

Отандық рейтингтік агенттіктерінде қатысуды ұйымдастыру туралы мәлімет назарға алынсын.

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі 2021-2022 оқу жылының ішкі және сыртқы аудит мәселелері бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев университетімізде жүргізілген ішкі және сыртқы аудит нәтижелері туралы айтып өтті. Ішкі аудит 28.12.2021ж. №264 бекітілген бұйрыққа сәйкес 2 кезеңде, яғни, академиялық құрылымдар 10-13 қаңтар аралығында болса, академиялық емес құрылымдар үшін 07-11 ақпан аралығында өткізілді. Ішкі аудитті сапалы өткізу үшін университет ОПК мен қызметкерлерінен құралған 15 адамдық топты 2021 жылдың 22-23 қазан аралығында «Астана Гарант Консалтинг» ЖШС сарапшы аудиторы Елеусизова Айсұлу «ISO 9001:2015 сапа менеджменті жүйесінің талаптары. Ішкі аудиторларды дайындау» тақырыбында арнайы семинар-тренинг өткізіп, қатысушыларға СМЖ ішкі аудиторы сертификатын тапсырғанын, аудиторлардың жаңа стандарт талаптары бойынша да біліктіліктері жетілдірілгенін жиналысқа қатысушыларды хабардар етті. 2022ж. 10-шы қаңтар күні факультет декандары мен кафедра меңгерушілері үшін, 2022ж. 07-ақпан күні барлық құрылым басшылары үшін ішкі аудиттің ашылу жиналысы өткізілді. Бұл жиналыста ішкі аудиттің мақсаты, аудит ерекшеліктері, аудит бағдарламасы мен мерзімдері, аудиторлар тобы мен топ жетекшілері таныстырылды. Аудит кезіндегі аудиторлардың ролі, ТӘС-ке берілетін мерзім туралы, түзетуші әрекеттер бойынша құрылым басшыларының жауапкершілігі түсіндірілді.

Аудиттің жүргізілуіне Сапа бойынша басшылық өкілі және бас аудитор басшылық жасады. Аудит жүргізуге аудиторлар – барлығы 15 аудитор, 3 сарапшы қатыстырылды. Аталған аудиторлар мен құрамынан университеттегі барлық құрылым бойынша ішкі аудит жүргізу үшін ішкі аудиторлардан құрылған 4 топ жасақталды (*ішкі және сыртқы аудит нәтижелері бойынша презентация қосымша тіркелді*).

Ішкі аудит барысында Сапа аясында анықталған мақсаттардың Стратегиялық жоспарға сәйкестендірілуіне, жоспарланған үрдісті қадағалау және оларға мониторинг жүргізуге, өлшеу мен талдауға, құжаттардың басқарылуына мән берілді. Сондай-ақ, әрбір құрылым бойынша басшылық тарапынан талдау жүргізілуі, құрылымдық ережелер мен қызметтік нұсқаулардың талаптарға сәйкестігі, ақпаратпен алмасу мен ішкі алмасулар, кадрлардың құзіреттілігі, құрылымдық бөлім басшыларының хабардарлығы мен дайындығы, нәтижелілікті ұдайы жақсарту бойынша атқарылған жұмыстар мен тұтынушының қанағаттандырылу көрсеткіштері және мәліметтерді талдау ақпараттары назарға алынды.

Ішкі аудиторлар құрылымдық бөлімшелерді аралап университет инфрақұрылымы жағдайына, олардың тиімді қолданылуына мән берді, персоналдармен, басшылық өкілдерімен әңгімелесу барысында бірқатар пікірлер қалыптасты.

10-13.01.2022ж. және 07-11.02.2022ж. аралығында жүргізілген ішкі аудит нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктердің жалпы саны – 345, олардың ішінде: елеулі – 208, елеусіз – 137. Аудиттелген құрылымдар саны – 164, ШМИ – 20, КИ – 14, Түркістан оқу кампусы – 120, Ясауи колледжі – 10 сәйкессіздікті құрады.

Орталық басшысы ішкі аудит барысында университет құрылымдарында қайталанған кемшіліктермен таныстырды. Олар:

- Университет сайтында құрылым туралы мәліметтер жаңартылмаған.
- ОПК, қызметкерлер нормативтік құжаттармен, қауіпсіздік ережелерімен таныспаған;
- Кіріс және шығыс құжаттарының тіркеу журналдары талаптарға сай емес;
- Кіріс және шығыс құжаттары журналға тіркелмеген;
- Ғимараттар мен оқу аудиториялары, жатақхана бөлмелері талаптарға сай емес;

- Пән презентациясы бойынша тандалған модульдерді талқылау хаттамасы жоқ;
- Офис тіркеушінің 2020-2021 жылдық есебі жоқ;
- Құрылымдарда тексеру мерзімдері аяқталған, бірақ актуализацияланбаған құжаттар бар;
- Құрылымдарда құрылым ережесі және қызметтік нұсқаулары жасалмаған немесе жаңарту мерзімдері өтіп кеткен;
- Құрылымдарда оқу жылына қорытынды талдаулар талаптарға сай емес;
- ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сәйкес қауіп-қатерлер мен тәуекелдер жоспарлары жасалмаған;
- Кейбір кафедраларда тәрбие жұмыс жоспары мен хаттамалары талапқа сай емес;
- Хаттамаларды жазу, рәсімделуінде өрескел кемшіліктер кездеседі.

Сонымен қатар орталық басшысы ішкі аудит барысында анықталған сәйкессіздіктерді слайдта фотоайғақтар түрінде таныстырды.

Барлық анықталған сәйкессіздіктер бойынша аудиторлар «СМЖ ішкі аудитін жүргізу барысында анықталған сәйкессіздіктер туралы» актілер толтырған. Құрылымдық бөлім басшылары оларды қол қойып қабылдап алып, түзетуші әрекеттерге кірісуі қажет. Анықталған сәйкессіздіктерді түзетуге 1-кезеңде 25 қаңтарға дейін 2 апта мерзім берілді, ал ғимарат, жабдықтар сияқты күрделірек мәселелер бойынша, жойылғанға дейін ұзақтау мерзім берілді. Ал 2-кезеңде 2022 жыл ақпанның соңына дейін мерзім берілген атап айтты.

Сонымен қатар орталық басшысы жақсарту ұсыныстары бойынша да жиналысқа қатысушыларды хабардар етті. Олар:

- «Студент» асхана кешені бойынша жөндеу жұмыстары, техникалық қауіпсіздік жұмыстарын жүргізу қажет;
- Кәсіби бағдар орталығы жұмысын СМЖ талаптарға сәйкестендіруді қажет етеді; Қызметтік нұсқаулардағы міндеттерді нақтылау, бөлімнің жұмыс жоспарындағы іс-әрекеттерді сәйкестендіру қажет;
- Құрылымдарда тәуекелдерді басқару (риск-менеджмент) және тәуекелдерді төмендету шаралары бойынша іс-шаралар жоспарын талаптарға сәйкестендіру қажет;
- Құрылымдық бөлімдердегі қолданыстағы СМЖ құжаттарын қайта актуализациялау жұмыстары ұдайы жетілдіріп отыруды қажет етеді;
- Факультеттердің сапаны іштей қамтамасыз ету комиссиясының есептерін Академиялық комитетте тыңдау қажет;
- Жұмыс бөлмелері мен оқу аудиторияларына жалюздер орнату қажет;
- Жатақханаға орналасқан тұтынушыға бітіріп кеткенше сол бөлме берілуі қажет (жылда айтылады);
- Ремонтты техникалар емес, тендер ұтып алғандарға жүктелуі қажет;
- Жатақхана ғимараттарына камералар қойылуы қажет;
- Қоқыс тастайтын жәшіктер аулада демалатын жерден сыртқа орналастырылуы қажет;
- Қазыбек би көшесіндегі оқу ғимараты №6 еден жуушы жетіспейді;
- Автокөлік бөлімінің ауласына тас төгілуі және терезелеріне айна салынуы қажет;
- Виварий зертханасы жаңадан жабдықтауды қажет етеді.

Сонымен бірге орталық басшысы университетімізде 2021 жылдың 24-26 қараша күндері аралығында IQNet Халықаралық сертификаттар жүйесінің партнері — Түрік Стандарттары институты (ТСИ, Анкара) тарапынан Халықаралық ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сәйкес сертификат жаңалау аудиті жүргізілгенін хабардар етті.

Қолданыстағы сапа менеджменті жүйесінің Халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігі тексерулерін ТСИ бас аудитору Хидает Шахин және аудитор Мелих Айкан жүргізді. Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы тарапынан бағдарламаға сәйкес барлық құрылымдық бөлімдерде үш күн бойы онлайн режимде сыртқы сертификаттау аудиті ұйымдастырылды. Аудит жұмысына университет ректоры, ректор өкілі, сала

бойынша вице-ректорлар және университет бойынша барлық құрылымдық бөлім басшылары қатысты. Құрылым басшылары Түркия стандарттар институты аудиторлары тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, процестік тәсілді PDCA және тәуекел-бағдарланған ойлаумен ұштастыру мүмкіндіктерін көрсете білді. 26 қараша күні құрылымдық бөлім басшылары, факультет декандары, кафедра меңгерушілерімен бірге өткізілген онлайн қорытынды жабылу жиналысында тексеру нәтижесі бойынша ТСИ аудиторлары тарапынан жүйені жақсартуға бағытталған бірқатар ұсыныстар айтылды.

Сыртқы аудит нәтижесінде университетімізге мерзімі 27.11.2024ж. дейін жарамды №КУ-4528-06/09-R15, ISO 9001:2015 стандарттарының талаптарына сәйкестігін растайтын халықаралық сертификат (*қосымша тіркелді*) берілді.

Шешім:

1. Ішкі аудит барысында анықталған сәйкессіздіктер түзетілуі және жойылуы тиісті құрылым басшылары тарапынан қатаң қадағалансын (*Жауапты: құрылым басшылары, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. Мерзімі - тұрақты*).
2. Күрделі шығындар мен ресурстарды талап ететін сәйкессіздіктерді жою жөнінде ұсыныс-тапсырыстар рәсімдеу, олардың орындалуын бақылау тиісті құрылым және департамент басшыларына жүктелсін (*Жауапты: Департамент басшылары. Мерзімі 30.04.2022ж.*).
3. Ішкі аудит барысында анықталған СМЖ құжаттары бойынша сәйкессіздіктерді түзетуге 2022ж. 4 сәуірге дейін мерзім беріліп, орындалмаған жағдайда тиісті шара қолдануға ұсыныс берілсін (*Жауапты: құрылым басшылары, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы*).
4. Ішкі аудит есебі университет сайтына орналастырылсын (*Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының бас сарапшысы Т.Көшербаев. Мерзімі 05.04.2022ж.*).

4. Өртүрлі мәселелер:

4.1 ОПК мен қызметкерлерді сапа мәдениетін дамыту жөнінен оқыту іс-шаралары туралы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж. Дарибаев таныстырды. Ол, Ахмет Ясауи университетіндегі сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және әкімшілдендіру бойынша, қызметкерлердің тиісті санаттары үшін сапа мәдениетін дамыту жөнінен оқыту іс-шаралары жоспарының жобасын (*қосымша тіркелді*) жиналысқа қатысушыларға ұсынды. Университеттегі сапа мәдениетін дамыту бойынша оқыту іс-шараларын: Біліктілікті арттыру орталығы, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі, Адам ресурстарын басқару бөлімі, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы бірлесіп ұйымдастыратынын айтты. Кесте бойынша университет ОПК мен қызметкерлері 4 топқа бөліп оқыту жоспарланған. Олар:

- Жаңадан қабылданған қызметкерлер;
- Әкімшілік-басқару персоналдары;
- Оқытушы-профессорлар құрамы;
- Оқу-көмекші персоналдар.

Орталық басшысы сапа мәдениетін дамыту жөнінен оқыту іс-шаралары туралы жоспар жобасымен таныстырып болған соң онлайн жиналысқа қатысушылардың пікір білдіруін сұрады. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев сапа мәдениетін дамыту жөнінен оқытудың маңыздылығын қысқаша келтіре отырып, Әкімшілік-басқару персоналдарын оқыту кестесіне жауапты құрылымдар қатарына өз бөлімін қосуды сұрады және оқыту мерзімдері бойынша қосымша ұсыныс білдіретінін жеткізді.

Шешім:

Ахмет Ясауи университетіндегі сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және әкімшілдендіру бойынша, қызметкерлердің тиісті санаттары үшін сапа мәдениетін дамыту жөнінен оқыту іс-шаралары жоспары бекітуге ұсынылсын (*Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев. Мерзімі: 10.04.2022ж. дейін*).

4.2 Университет сайтына енгізілген ОПҚ портфолио мәліметтері туралы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж. Дарибаев хабардар етті. Факультеттер бойынша оқытушы-профессор құрамының портфолио жеке деректерін толтыру мониторингі, саны қанша және қанша пайызды құрайтыны жөнінде талдау кестесін ұсынды.

Оқытушы-профессор құрамының портфолио жеке деректерін толтыру мониторингі
11.03.2022ж.

№	Факультеттер	Зерттеу бойынша негізгі жарияланымдар		Біліктілікті жетілдіру көрсеткіштері		Жетістіктері		Еңбек жолы көрсеткіштері	
		+	-	+	-	+	-	+	-
1.	Медицина факультеті (Түркістан)	89	100	122	67	111	79	111	67
2.	Жаратылыстану факультеті	79	24	81	22	62	41	62	19
3.	Спорт және өнер факультеті	71	26	72	25	65	32	65	24
4.	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті	76	32	76	32	71	37	71	25
5.	Экономика, басқару және құқық факультеті	76	47	77	46	67	56	67	35
6.	Филология факультеті	117	41	106	52	92	66	92	41
7.	Инженерия факультеті	40	15	38	17	39	16	39	14
8.	Теология факультеті	23	2	24	1	16	9	16	1
9.	Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру (Шымкент)	124	144	144	124	122	146	122	121
10.	Стоматология	27	46	49	24	41	32	41	20
11.	Дайындық орталығы (Кентау)	34	35	37	32	28	41	28	27
Жалпы ОПҚ саны:		756	756	512	826	442	714	555	714
Орындалу көрсеткіші, %		59,5%		64,9 %		56,2 %		64,2 %	
Жалпы		61,2 %							

11.03.2022ж. Ақпараттық технологиялар департаментінің берген мәліметі бойынша ОПҚ портфолио жеке деректерін толтыру 61,2 % құрағанын айтты. Барлық факультеттер бойынша: зерттеу бойынша негізгі жарияланымдар, біліктілікті жетілдіру көрсеткіштері, жетістіктері, еңбек жолы көрсеткіштерінің орындалуы бойынша сандық және пайыздық көрсеткіштерді көрсете отырып, факультет декандарынан бұл жұмыстардың орындалуын ұдайы қадағалауды сұрады.

Шешім:

1. Университет сайтына енгізілген ОПҚ портфолио мәліметтері назарға алынсын.
2. ОПҚ портфолио жеке деректерін толтыру жұмыстарын белсендіру факультет декандары тарапынан қадағалансын (*Жауапты: Факультет декандары. Мерзімі: тұрақты*).

Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы

Комитет хатшысы



А.Ошибаева



Т.Көшербаев